

Г.Б. Тазабекова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: tazabekova.gulmira.@kaznu.kz)

Жапон тіліндегі «көз» соматизмімен қолданылатын фразеологизмдерді қазақ тіліне балама тәсілі арқылы аудару ерекшеліктері

Мақалада жапон тіліндегі «көз» соматизмімен қолданылатын фразеологиялық бірліктерді қазақ тіліне балама тәсілі арқылы аудару мәселелері қамтылған. Ол үшін алдымен лексикографиялық әдебиеттер негізінде «көз» лексемасы құрамына енген кең қолданыстағы жапон фразеологизмдері теріп жинақталды. Зерттеудің келесі сатысында жинақталған жапон тілінің тұрақты тіркестеріне семантикасы, лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы, стилі және бейнелілігі сияқты көрсеткіштер бойынша сай келетін олардың қазақ тіліндегі толық және жартылай баламалары анықталған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде автор тарапынан «көз» соматизмімен қолданылатын фразеологиялық бірліктерді қазақ тіліне балама тәсілі арқылы аударудың өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ, екі тілдің соматикалық фразеологизмдерінің лингвистикалық және экстралингвистикалық сипаттамаларындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарына қатысты ой-тұжырымдар түйінделіп, ғылыми нәтижелер ұсынылған.

Кілт сөздер: жапон тілі, фразеологиялық бірлік, соматизм, аударма, балама тәсілі.

Kipicne

Қазіргі халықаралық байланыстардың нығайған заманында Қазақстанда аударматану саласының маңызы айтарлықтай артты. Оның ішінде мемлекетімізде салыстырмалы түрде жас ғылымдардың бірі болғанына қарамастан, жапонтану саласы аса қарқынды даму үстінде. Жапонтану ғылымының елімізде кең қанат жайып, одан әрі дамуы үшін көптеген мақсаттар алға қойылды. Солардың бірі — жапонша–қазақша, қазақша–жапонша сөздіктер жасау, Жапонияның әдебиеті, тілі, тарихы мен мәдениетіне қатысты отандық ғалымдардың еңбектерін қазақ тіліне аударып, оқырман назарына ұсыну алға қойылған маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Мұндай мақсаттың мүддесінен шығу үшін ең алдымен жапон тіл біліміне және аударматану ғылымына үңілудің маңызы зор. Жапон тіл білімінің ішінде фразеологиялық бірліктердің өзіне тән ерекшеліктерін, семантикалық сипаттамаларын зерттеп, оларды қазақ тіліне аудару отандық ғылымға мол тың ақпарат, жаңалық алып келетіндігі даусыз.

Берілген мақалада фразеологиялық бірліктердің ішінде соматикалық фразеологизмдерді зерттеу көзделді. Қазақ ғалымы М.С. Раева пікірінше, «соматикалық фразеологизмдер кез келген тілдің лексика–фразеологиялық қорының құнарлы да байырғы, сан жағынан мол, табиғаты күрделі құрамды болғандықтан жан–жақты талдауды талап етеді» [1: 32]. Шын мәнінде де, соңғы жылдары соматикалық фразеология саласын зерттеу нысаны ретінде алып, оны түрлі аспектілерде қарастырған шетел ғалымдарының саны артып келе жатыр.

Біздің зерттеу нысанымыз соматикалық тұрақты тіркестер болғандықтан, жапон тіліндегі анатомиялық атаулар енген фразеологиялық бірліктерді зерттеген шетел лингвист ғалымдарының еңбектеріне шолу жасауды жөн көрдік. Олардың қатарына М.Л. Майнард, Дж. Гэррисон, В. Де Ланге, К. Баутвелл, Л. Хоутон т.б. лингвист ғалымдарды жатқызуға болады. Күншығыс елінің ғалымдарына келер болсақ, Н. Акияма, А. Мацумура, К. Кимия, Н. Такадачи, М. Яманаши жалпы тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, құрылымдық және семантикалық сипаттамаларын егжей–тегжейлі қарастырады. М.Мори және Е.Мацумото фразеологизмдерді когнитивтік лингвистика пәні тұрғысынан зерттеп, семантикасы бойынша топтастырып, олардың фразеосемантикалық жіктелімін жасады.

Жапон фразеологиялық оралымдарының теориялық және практикалық негіздері және оларды орыс тіліне аудару мәселелері бойынша зерттеу жүргізген ресей жапонтанушылары ішінде С.А. Быкова, Т.М. Гуревич, О.П. Фролова сияқты лингвистерді ерекше атап айтуға болады.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: tazabekova.gulmira.@kaznu.kz

Соматикалық фразеологизмдердің құрылымдық сипатын, семантикасын, грамматикалық ерекшеліктерін зерттеген отандық ғалымдарға І. Кеңесбаев, А. Байталиев, Р.Е. Валиханова, Р. Жайсакова, Б. Уызбаева т.б. жатады. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің лингвистикалық өзгешеліктерін қарастырған, қазақ тіліне аударған және екі тілдің анатомиялық атаулар ұйытқы болған тұрақты тіркестеріне салыстырмалы талдау жүргізген отандық жапонтанушылардың еңбектері өкінішке орай, жоқтың қасы. Сол себепті отандық болашақ жапонтанушы мамандарды даярлау барысында, оларды қажетті оқу материалдарымен толыққанды қамтамасыз ету үшін берілген зерттеу жұмысын жазудың ғылыми маңызы зор. Сондай-ақ, бұл жұмыстың практикалық маңыздылығы жөнінде сөз қозғайтын болсақ, зерттеуден алынған нәтижелерді келешекте жапон тілінің оқу құралдарын, монографиялар, фразеологиялық сөздіктер, анықтамалықтар жазу үшін пайдалануға болады.

Жапон тіліндегі «көз» соматизмі арқылы жасалатын тұрақты тіркестерді балама тәсілі негізінде аударып, олардың қазақ тіліндегі моно және жартылай эквиваленттерін табу зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді орындау қарастырылды:

- жапон тіліндегі құрамына «көз» компоненті енген соматикалық тіркестерді жинақтау;
- лексикографиялық әдебиеттер негізінде аударманың арнайы әдіс–тәсілдерін пайдалану арқылы жинақталған фразеологизмдерді қазақ тіліне аудару;
- балама тәсілі негізінде аударылған тұрақты тіркестердің қазақ тіліндегі толық және жартылай эквиваленттерін табу.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Берілген мақалада лингвоаудармашылық зерттеулердің негізгі әдіс–тәсілдерінің бірі болып табылатын салыстырмалы талдау әдісі қолданылады.

Зерттеудің алғашқы сатысында, біз аударматанушы ғалымдардың фразеологиялық бірліктерді аударудың әдіс–тәсілдеріне қатысты жасаған тұжырымдары мен ой–пікірлеріне тоқталамыз. В.Н. Комиссаров, Л.Ф. Дмитриева сияқты орыс аударматанушылары бейнелі тұрақты тіркестерді аударудың бірден–бір тәсілі — балама тәсілі (эквиваленция) деп білген. Фразеологизмдерді баламалары арқылы аудару барысында түпнұсқадағы бірлік мағыналарының толық кешені сақталады. Берілген әдіс аударылған тіл бірлігінің түпнұсқамен барлық лингвистикалық көрсеткіштер бойынша сәйкес келуіне негізделеді. Өзге аударма әдістеріне қарағанда, балама тәсілін пайдалану шет тілінің фразеологиялық бірлігін тілдік тұрғыда анағұрлым толық дәрежеде жеткізуге мүмкіндік береді. Мұнда аудармашы маманның басты міндеті — фразеологизмнің екінші тілдегі сәйкес баламасын табу. Алайда мұндай фразеологиялық аударма тәсілін қолданған жағдайда, екі маңызды мәселені ескеру қажет. Біріншіден, фразеологиялық баламалар басқа аударма әдіс–тәсілдерімен салыстырғанда, саны жағынан аз болады.

Екіншіден, В.Н. Комиссаров пікірінше, белгілі бір тіл қорынан басқа екі тілге қандай да болмасын бірдей фразеологизм енген жағдайда, сол тілдердің бірінде берілген тұрақты тіркестің семантикалық сипаты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Нәтижесінде аудармашы түпнұсқаның дұрыс фразеологиялық баламасын таба алмайды. Яғни, аудармашы түпнұсқаның баламасы ретінде формасы жағынан бірдей, алайда мағыналары бір–біріне сәйкес келмейтін фразеологизмдерді келтіруі мүмкін. Демек, мұндай фразеологизмдердің сыртқы формалары бірдей болғанымен, мағыналары әр түрлі [2: 173].

Тіларалық сәйкестіктер, яғни баламалардың сандық көрсеткіші олардың фразеологиялық мағыналарына байланысты болады. Баламалардың сандық көрсеткішінің жоғары болуы барлық ұлттарға бірдей тән қалыпты әмбебап жағдайлардағы адамның іс–әрекетін, оның эмоцияларын, психологиялық күйін білдіруге бағытталған фразеологизмдерге тән болады. Ал баламалардың сандық көрсеткішінің төмен болуы ұлттық–мәдени спецификаға ие тұрақты тіркестерге тән. Алайда, шетел реципиенттер былай тұрсын, сол тілде сөйлейтін халықтың өзі мағыналық сипатын ашып бере алмайтын уәжделмеген фразеологизмдер саны жағынан көп емес.

Толық баламаларға мағынаның сигнификаттық–денотаттық және коннотаттық макрокомпоненттері, құрылымдық–грамматикалық ұйымдасу заңдылығы және компоненттік құрамы жағынан бірдей фразеологизмдер жатады. Фразеологиялық мағынаның коннотаттық компонентіне қатысты айтар болсақ, қазақ лингвист ғалымы Г. Смағұлованың мынадай пікірі белгілі: «Әр ұлттың тұрмыс–тіршілігінде қалыптасқан дәстүрлер, қоғамдағы ұлттық әдеп т.б. толып жатқан өзгешеліктер

алдымен тілінен көрініс табады. Кез келген тілде өзіндік «әлем суреті» ежелден қалыптасқан. Аудармаға қатысты қиындық осы тұста байқалады» [3; 60].

Жапон тілінің соматикалық фразеологизмдерін қазақ тіліне аудармас бұрын біз «көз» лексемасы құрамына енген тұрақты тіркестерді тізіп жинақтадық. Ол үшін зерттеудің негізгі лексикографиялық материалдары ретінде «Шиншеджирин» жапон тілінің түсіндірме сөздігі және Н. Накаджиманың жапон тілінің фразеологиялық сөздігі пайдаланылды. Нәтижесінде жапон тілінің «көз» лексемасы арқылы жасалатын кең қолданысқа ие 88 фразеологиялық бірлік теріп жинақталды.

1. Жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің қазақ тіліндегі толық баламалары. Алдымен зерттеу барысында анықталған «көз» соматизмімен қолданылатын жапон фразеологизмдерінің қазақ тіліндегі толық баламаларын қарастырамыз. Мұндай тұрақты тіркестер тобына 「目が眩む」(мэ га кураму) деген фразеологизм жатады. Бұл соматикалық тіркестің қазақ тілінде абсолютті баламасы анықталды. 「目」(мэ) — «көз», 「眩む」(кураму) — «қарауыту», яғни «көздің қарауытуы» деген тұрақты тіркес қазақ тілінде де жапон тіліндегі бірлікпен лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы, стилі және семантикасы жағынан бірдей. Сонымен бірге, 「目を引く」(мэ о хiku) деген фразеологизмді де оның қазақ тіліндегі моноэквивалентімен аударуға болады. Қазақ тілінде «көз тарту» деген тұрақты тіркес адамның «назарын аударту», «көңілін аударту» деген мағынаға ие және жапон тіліндегі фразеологизмге оның қолданылу аясы, стилі, компоненттік құрамы, грамматикалық құрылымы сияқты барлық лингвистикалық көрсеткіштері бойынша сай келеді. Моноэквиваленті анықталған фразеологизмдердің тізімін толықтыру үшін 「目をつぶる」(мэ о цубуру) деген соматикалық бірлікті атап өткен жөн. 「つぶる」(цубуру) етістігі «жұму» деген мағынаға ие, яғни берілген фразеологизмнің мазмұнын «көз жұму» деген тіркеспен беруге болады. Қазақ тілінде «көз жұму» деген фразеологизмнің бар екендігі белгілі. Берілген фразеологизм «қайтыс болу», «дүние салу», «өмірден ғайып болу» тәрізді тұрақты тіркестермен мәндес. Жапон тіліндегі 「目をつぶる」(мэ о цубуру) фразеологизмі де дәл осындай мағынада қолданылады.

«Көз» соматизмі қолданылған жапон тіліндегі тұрақты тіркестердің қазақ тіліндегі абсолютті баламалары ретінде 「目を開く」(мэ о хираку) деген фразеологизмді де келтіруге болады. Оның қазақ тілінде «көзі ашылу» деген толық баламасы анықталды. «Көзі ашылу» деген фразеологизм көп мағыналы тұрақты тіркестердің біріне жатады. Оның қазақ тілінде негізгі үш мағынасы бар екендігі белгілі. Біріншіден, «көзі ашылуы» деген соматикалық тіркес «білім алу», «сауат ашу» деген мазмұнда, екіншіден, «қиындықты бастан кешіру», «қиындықтан құтылу» деген мәнде қолданылады. Ал оның үшінші мағынасын «қате пікірден арылу», яғни «ақиқатты тану», «шындыққа көз ашу» деген тіркестермен жеткізуге болады [4: 103].

Жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді балама тәсілі арқылы аудару нәтижесінде, «көз» лексемасымен қолданылатын тұрақты тіркестердің қазақ тілінде семантикасы, функционалдық стилі, бейнелілігі, лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы бойынша сәйкес келетін 8 толық баламасы анықталды.

2. Жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің қазақ тіліндегі жартылай баламалары. Жартылай баламалар арқылы аудару тәсілі, ең бастысы аударма тіліндегі фразеологизмнің түпнұсқамен мағыналарының сәйкес келуіне негізделеді. Яғни, түпнұсқа және оның екінші тілдегі баламасы арасындағы семантикалық сәйкестік — жартылай эквиваленттер арқылы аудару тәсілінің бірден-бір шарты. Сондықтан берілген тәсіл арқылы аудару үшін алдымен фразеологиялық мағына мәселесін егжей-тегжейлі қарастырған жөн. Фразеологиялық мағына терминін аударматану ғылымына 1964 жылы А.В. Кунин енгізген болатын. Эквиваленттік теорияға сәйкес, фразеологиялық бірлікке лексикалық мағына тән болады. Себебі, фразеологизмнің компоненттері бөлек лексемаларға ыдыраған сәтте, олар лексика-семантикалық жағынан сөзден айтарлықтай өзгешеленбейді десе болады. Қалай болған жағдайда да, фразеологизм сөздің лексикалық мәніне барлық аспектілер бойынша сәйкес келетін мазмұнға ие [5: 78–79].

А.И. Молотковтың берілген пікірімен қазақ ғалымы О. Айтпаев та келіседі. Ол өзінің «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» атты еңбегінде фразеологизм компоненттерінің бастапқы мағыналары мүлде жоғалған деген пікірге қарсы екендігін білдіреді. Бұл жөнінде автор былай дейді: «Идиомалар өзінің құрамындағы сөздердің о бастағы лексикалық мағынасынан жасалмағанда қайдан шықпақ. Мағынасыз нәрседен мағыналы нәрсе қалай тумақ. Ол сөздер заманнан заман өтіп, ғасырларды аттаған соң біртіндеп астарлы, бейнелі күйге түсе бастайды. Халық даналығы, ойлау қабілеті тіліміздегі сан алуан сөздерге бейнелі пішін беріп, белгілі бір ұғымды көркем көрсету үшін

мағыналық топтар құрады. Жалғыз сөздің білдірер мағынасын бірнеше сөзбен астарлап, көркем етіп көрсету, тілімізді көрікті, көсем, әрі шешен қалыпқа түсіреді. Сондықтан бұлардың аудармасын зерттегенде ең алдымен, оның құрамындағы сөздердің табиғатына зер салып, содан соң оның астарлы мағынасын беруге тырысу қажет. Бұларды екінші тілге аударуға әбден болады және аудару аса қажет. Әйтпесе белгілі бір халықтың рухани қазынасынан құр алақан қаламыз. Бұларды аудару арқылы өз халқының тілдік қазынасын ақтарып, қабілетін танытуға да мүмкіндік туады» [6: 140].

Керісінше, фразеологиялық мағына теориясын жақтаушылар фразеологизмдердің лексикалық мағынасын мойындау оның тілде көрініс табатын құрылымын толығымен жоққа шығаруға апарады деген пікірді ұстанады [7: 307–309]. Фразеологиялық мағына лексикалық мағынадан өзінің қоршаған орта құбылыстары мен заттардың өзіндік ерекше көрініс табуымен, тұрақты тіркестің пайда болу ерекшеліктерімен, фразеологизмнің тұтастық семантикасының қалыптасу үдерісіндегі құрамдас компоненттердің қатысу сипатымен өзгешеленеді [8: 52].

Фразеологиялық мағынаның екі негізгі аспектісі болады: мазмұндық аспектісі (сигнификаттық, денотаттық, коннотативтік компоненттері) және оның тілдегі көрінісінің аспектісі (фразеологизмнің сыртқы формасы). Екі аспектілік сипатқа ие фразеологиялық мағына тұрақты тіркестің мазмұны мен формасының тұтастығын береді [7: 310].

Демек, жартылай эквиваленттердің ерекшелігіне мағынаның сигнификаттық, денотаттық және коннотативтік макрокомпоненттердің сәйкес келуі жатады. Алайда түпнұсқа фразеологизмі мен аударылатын тіл бірлігі грамматикалық құрылысы және лексикалық құрамы жағынан бір-бірінен өзгешеленуі әбден мүмкін.

Фразеологиялық мағынаның қалыптасуына фразеологиялық бейнелілік түрткі болады. Фразеологизм құрамындағы бейнелілікті аударма тіліне тасымалдау мәселесіне келер болсақ, тұрақты тіркестің бейнелік негізі оның шетелдік баламасындағы ойсуретпен толық немесе жартылай сәйкес келуі мүмкін. Бұдан шығатыны, фразеологизмдерді олардың екінші тілдегі жартылай баламалары негізінде аудару барысында, аудармашы екі маңызды міндетті атқаруы тиіс:

1) түпнұсқа фразеологизмінің мағынасын және семантикалық ерекшеліктерін аударма тілінде толық жеткізу;

2) түпнұсқа фразеологизмінің бейнелік элементін аударма тіліне толық немесе жартылай тасымалдау.

Келесі кезекте жапон тіліндегі «көз» лексемасымен қолданылатын соматикалық фразеологизмдерді қазақ тіліндегі жартылай баламалары негізінде аудару мәселесіне тоқталамыз. Сондай-ақ, аталған тәсіл арқылы аударудың ерекшеліктері мен қазақ тіліндегі жартылай баламалардың сандық көрсеткішін анықтаймыз.

Алдымен, 「目を向ける」(мэ о мукэру) деген фразеологиялық бірлікті алып қарастырамыз. Жоғарыда берілген О. Айтпаевтың тұрақты тіркестердің семантикасын анықтауда алдымен фразеологизмдердің лексикалық мағынасын айқындаудың маңызды екендігіне қатысты пікіріне сүйене отырып, бұл соматикалық бірліктің сөзбе-сөз аудармасын келтіреміз. Оның тура мағынасы «көзді бағыттау» болып табылады. Берілген фразеологизмге семантикасы жағынан сәйкес келетін оның қазақ тіліндегі жартылай баламасы ретінде «көз жіберу» тәрізді соматикалық бірлікті келтіруге болады. Мұнда «бағыттау» етістігінің орнына қазақ тілінде оған мағынасының денотаттық компоненті бойынша жақын «жіберу» лексемасы қолданылады. Яғни, екі фразеологизмнің лексикалық құрамы пайдаланылатын етістіктерінің әр түрлі болуымен бір-бірінен өзгешеленеді. Алайда бұл фразеологизм құрамындағы ойсурет түпнұсқа тұрақты тіркесінің бейнелік элементімен ұқсас. Яғни, жартылай эквиваленттер негізінде аудару тәсілін қолданудың қос талабының екеуі де жүзеге асты.

Жоғарыда қарастырылған соматикалық бірлікке мазмұны жағынан ұқсас 「目に留まる」(мэ ни томару) фразеологизмнің тура мағынасы — «көзге тоқтау», ал фразеологиялық мағынасы — «адамның назар аударуы, мұқият қарауы». Осылай 「目に留まる」(мэ ни томару) тұрақты тіркесінің жартылай баламасы қазақ тіліндегі «көз тоқтату» фразеологизмі екені анықталды. Дәлел ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді келтіреміз: «Беті бүркеулі күйде ешкімге көз тоқтатып, іркіліп қарай алмаған Мәкен, әйтеуір жапырлап қаптаған еркектердің көпшілігі қыр қазағы, Тобықты үлгісінде киінген топтар екенін аңғарған» [4: 102]. Берілген контексте «көз тоқтату» фразеологизмі «көзге іліну», «көзге түсу» деген қысқа уақыт аралығын қамтитын тұрақты тіркестерден өзгешеленіп, адам өз назарын салыстырмалы түрде ұзақ уақытқа белгілі бір адам не затқа аударып, оны бақылап

тұруы деген мағынаны береді. Бұдан шығатыны, 「目に留まる」 (мэ ни томару) соматикалық тіркесі мен «көз тоқтату» фразеологизмі грамматикалық құрылымынан басқа барлық лингвистикалық көрсеткіштер бойынша сәйкес келеді. Екі фразеологиялық бірліктің грамматикалық ұйымдасуындағы айырмашылық жапон тіліндегі тұрақты тіркес ішінде салт етістіктің, қазақ тілінде сабақты етістіктің қолданылуында болмақ.

Сонымен бірге, фразеологизмдердің қазақ тіліндегі жартылай баламаларының арасында «шошыну», «таңдану», «таңқалу» мазмұнындағы тіркестердің бір тобы бар. Мұндай топқа 「目が飛び出る」 (мэ га тобидэру), 「目の玉が飛び出る」 (мэ но тама га тобидэру) сияқты соматикалық фразеологизмдердің баламалары жатады. Аталған фразеологиялық бірліктердің тура мағынасы «көздің ұшып шығуы», «көз алмасының ұшып шығуы» т.б. Жапон ғалымы Т. Накаджима берілген фразеологизмдерге «қатты таңдану», «аң-таң қалу», «таңырқау», «таңқалу» деген анықтамалар берген [9: 346]. Бейнелілігі жағынан берілген фразеологизмдерге анағұрлым жақын қазақ тілінің тұрақты тіркестері ретінде «көзі ұясынан шықты», «көзі шарасынан шығу» деген соматикалық бірліктерді атауға болады. Яғни, жапон және қазақ тілдеріндегі бұл фразеологизмдер құрамындағы метафоралық негізі, бейнелілігі, мазмұны жөнінен салыстырмалы түрде жақын деуге болады. Алайда, олар компоненттерінің лексикалық ерекшеліктері жағынан бірдей емес болғандықтан, бұл тұрақты тіркестер жапон тіліндегі фразеологизмдердің жартылай лексикалық баламалары болып саналады.

Осыған ұқсас жапон тіліндегі 「目を丸くする」 (мэ о маруку суру), тура мағынасы — «көзді домалақ пішінге келтіру», 「目を皿のようになる」 (мэ о сара но ё: ни суру), тура мағынасы — «көзді тәрелке пішініне келтіру» деген фразеологизмдер де «зәресі ұшу», «үрейлену», «шошыну» мағыналарына ие. І. Кеңесбаев өзінің қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде аталған фразеологизмдердің жартылай лексикалық баламаларының бірнеше түрін ұсынады: «көзі алақандай болу», «көзі шарадай болу», «көзі атыздай болу», «көзі шаңырақтай болу» [10: 259].

В.М. Мокиенко, В.Н. Телия, С. Влахов, А.А. Гируцкий сияқты орыс ғалымдары фразеологиялық бірліктерді аудару барысында олардың ұлттық реңкін, стилистикалық ерекшеліктерін және бейнелілігін сақтау аударматанудың маңызды мәселелерінің біріне жатады деп санаған. Бұл орайда 「白い目で見る」 (широй мэ дэ миру), сөзбе-сөз мағынасы — «ақ көзбен қарау» деген жапон тіліндегі «көз» соматизмі қолданылған фразеологизмнің бірін қарастыру орынды. М. Танака және Н. Магара сияқты жапон лингвист ғалымдары өздерінің «Фразеологизмдер» атты еңбегінде берілген соматикалық бірлікті «сынау» деген фразеосемантикалық топқа жатқызады. Оның мағынасына қатысты олар «жек көріп қарау», «суық жүзбен қарау» деген түсіндірме ұсынады [11: 38]. Ал «Шинше: джирин» жапон тілінің түсіндірме сөздігінде 「白い目で見る」 (широй мэ дэ миру) деген тұрақты тіркестің мазмұны «ұнатпау», «жақтырмау» деген етістіктермен берілген [12: 351]. Бұл фразеологизмді қазақ тіліне аудару мәселесіне келер болсақ, алдымен оның компоненттік құрамының бірден-бір ерекшелігі болып табылатын түс атауының қолданысын ескеру қажет. Қазақ тіліндегі берілген соматикалық тіркестің жартылай баламасын табу үшін «көз» компоненті, түс атауы және көру әрекетін қамтитын фразеологизмдерді қарастырған жөн. Бұл міндетті орындау үшін І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіне» жүгінеміз. Аталған сөздіктен 「白い目で見る」 (широй мэ дэ миру) деген фразеологизмге қазақ тіліндегі жартылай баламасы ретінде семантикалық сыр-сипаты, бейнелік негізі, эмоционалды-экспрессивті реңкі, грамматикалық құрылымы сәйкес келетін, алайда лексикалық құрамы жағынан сәл өзгешеленетін «ала көзбен қарау» деген тұрақты тіркесті келтірсек болады. І. Кеңесбаев бұл фразеологизмге «іштей жек көріп, тікшіе қарау; жақтырмау, жаратпау, ұнатпау» деген сипаттама берген [10: 75].

Нәтижелер мен олардың талқылаулар

Сайып келгенде, зерттеу жұмысында жапон тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді балама тәсілі негізінде қазақ тіліне аудару ерекшеліктері қарастырылды. Нәтижесінде «көз» компонентімен қолданылатын тұрақты тіркестердің қазақ тілінде семантикасы, функционалдық стилі, бейнелілігі, лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы сияқты барлық көрсеткіштер бойынша сәйкес келетін бірқатар моноэквиваленттері мен жартылай баламалары бар екендігі анықталды. Нақтырақ айтсақ, зерттеу жұмысындағы жапон тіліндегі «көз» соматизмімен қолданылатын фразеологиялық бірліктерді қазақ тіліне балама тәсілі негізінде аудару барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

– жапон тіліндегі «көз» соматизмімен қолданылатын тұрақты тіркестерді лексикографиялық әдебиеттер негізінде зерделеу нәтижесінде кең қолданысқа ие 88 фразеологизм теріп жинақталды;

– жапон тіліндегі «көз» компоненті енген соматикалық фразеологизмдердің қазақ тіліндегі 8 моноэквиваленті анықталды;

– берілген топтың тұрақты тіркестерінің қазақ тіліндегі 21 жартылай баламалары анықталды. Балама тәсілі арқылы қазақ тіліне аударылған тұрақты тіркестердің сандық үлесі «көз» анатомиялық атауы ұйытқы болған барлық фразеологизмдердің жалпы санының 33 % –ын құрады.

– соматикалық тұрақты тіркестерді аудару нәтижесінде, жапон және қазақ тіліндегі «көз» лексемасымен қолданылатын фразеологиялық бірліктердің семантикасы, бейнелілігі, функционалды стилі және грамматикалық жағынан ұйымдасуында біршама ұқсастықтардың бар екендігі, алайда, олардың лексикалық құрамдарының бір–бірінен көп жағдайда өзгешеленетіндігі мәлім болды.

Отандық жапонтану ғылымында жапон тілінің дене мүшелерінің атаулары ұйытқы болған фразеологиялық бірліктеріне қатысты лингвоаудармашылық зерттеулердің қазіргі уақытқа дейін жүргізілмегендігін ескеретін болсақ, бұл зерттеудің ғылыми және практикалық жағынан маңызы орасан екендігі даусыз. Бұған дейін жапон соматикалық фразеологизмдері аясында жасалған шетел ғалымдарының еңбектерімен салыстырғанда, бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы мен құндылығын келесідей сипаттауға болады:

– қазақ және жапон «көз» лексемасы құрамына енген тұрақты тіркестеріне семантикалық тұрғыдан салыстырмалы талдаудың жүргізілуі және екі тіл арасындағы фразеологиялық өзгешеліктер мен сәйкестіктердің айқындалуы;

– «көз» соматизмімен жасалатын тұрақты тіркестерді қазақ тіліне аударудың тиімді әдіс–тәсілдерінің анықталуы;

Қорытынды

Қорыта келгенде, белгілі бір этностың сан ғасырлар бойы жиып, сақтап келген тіл қазынасының асыл қабаттарының бірі, әрі әдеби тілдің мәйегі саналатын оның фразеологиялық жүйесін, сол халықтың тарихы, мәдениеті, ұлттық болмысы жөнінде құнды мағлұмат беретін аса бағалы қайнар көзі деуге болады. Сондықтан отандық шығыстану ғылымында салыстырмалы түрде жас сала болып табылатын жапонтану бағытын одан әрі жетілдіріп, күншығыс елі халқының ұлттық–мәдени ерекшеліктерімен етене танысу үшін аталған тілдің фразеологиялық тіркестерін зерттеудің және оларды қазақ тіліне аударудың маңызы зор.

Берілген жұмыс нәтижелерін мұнда қарастырылмаған жапон тіліндегі өзге анатомиялық атаулармен қолданылатын соматикалық тұрақты тіркестерді аудару мәселелеріне қатысты еңбектер жазу және фразеологиялық сөздіктерді жасау барысында пайдалануға болады.

Қазақ–жапон сөздіктері жөнінде айтар болсақ, бұл салада ауыз толтырып айтатындай дүние аз. Әрине, тұрақты тіркестерді жинақтау, жіктеу және аудару ұзақ уақыт пен табанды жұмысты қажет ететін аса күрделі іс екендігі ақиқат. Алайда, біздің еліміз үшін бұл халықаралық қатынастарды нығайтып, дипломатиялық байланыстарды дамытатын тарихи, саяси, мәдени маңызы бар іс. Берілген зерттеу жұмысын осындай маңызды да жауапты істің бастамасы деп қарастыруға болады деп санаймыз.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жапон тіліндегі соматикалық фразеология саласын одан да тереңірек зерттеп, оларға түрлі семантикалық, құрылымдық, этнолингвистикалық, және аудармалық талдаулар жүргізудің қажеттігін айғақтайды. Демек, болашақта жапон тілінің фразеологиясына қатысты түрлі аспектілерді қамтитын сан қырлы еңбектер жазу, сондай-ақ тұрақты тіркестер тақырыбын тереңірек зерделеу, егжей-тегжейлі игеру, оларды қазақ тіліне аудару — отандық жапонтанушы мамандардың алдына қойылған елеулі де маңызды міндеттерінің бірі екендігі даусыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Раева М.С. Ағылшын тіліндегі соматикалық фразеологизмдерін қазақ және орыс тілдеріне аудару мәселелері / М.С. Раева // Қазақ-орыс халықаралық университетінің хабаршысы. — 2018. — № 1 (22). — Б. 30–34.
- 2 Комиссаров В.Н. Современное переводоведение / В.Н. Комиссаров. — М.: ЭТС, 2001. — 424 с.
- 3 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография / Г. Смағұлова. — Алматы: Елтаным баспасы, 2020. — 256 б.

- 4 Қожахметова Х.Қ. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік / Х.Қ. Қожахметова, Р.Е. Жайсақова, Ш.О. Қожахметова. — Алматы: Мектеп, 1988. — 220 б.
- 5 Молотков А.И. Фразеологический словарь русского языка / А.И. Молотков. — М.: Русский язык, 1978. — 544 с.
- 6 Айтбаев О. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс / О. Айтбаев. — Алматы: Ғылым, 1975. — 226 б.
- 7 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка / А.В. Кунин. — М.: Высш. шк., 1996. — 381 с.
- 8 Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов / В.П. Жуков. — М.: Просвещение, 1978. — 160 с.
- 9 中嶋尚 (1996). 『新選 慣用句の辞典』初版. 東京. 小学館.
- 10 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І. Кеңесбаев. — Алматы: Ғылым, 1977. — 712 б.
- 11 田仲正江、間柄奈保子 (2005) 『表現を豊かに生き生き慣用句 (上級)』東京. 専門教育出版.
- 12 (1999). 『新小辞林』第五版. 東京. 三省堂編集所.

Г.Б. Тазабекова

Особенности перевода японских фразеологизмов, используемых с соматизмом «глаза», на казахский язык методом фразеологического эквивалента

В статье рассмотрен перевод японских фразеологизмов, употребляемых с соматизмом «глаза», на казахский язык методом эквиваленции. Для этого, прежде всего, на основе лексикографической литературы были собраны наиболее часто используемые японские фразеологические единицы, используемые с лексемой «глаза». На следующем этапе исследования были выявлены их полные и частичные эквиваленты в казахском языке, которые соответствуют фразеологизмам японского языка по таким показателям, как семантика, лексический состав, грамматическая структура, стиль и образность. На основе проведенного исследования автором были обобщены особенности перевода фразеологизмов, употребляемых с соматизмом «глаза» на казахский язык методом эквиваленции, а также сходства и различия лингвистических и экстралингвистических характеристик соматической фразеологии двух языков и представлены научные результаты.

Ключевые слова: японский язык, фразеологическая единица, соматизм, перевод, метод эквиваленции.

G.B. Tazabekova

Features of the translation of Japanese phraseological units used with the somatism “eye” into the Kazakh language, by the method of phraseological equivalent

The article considers the translation of Japanese phraseological units used with somatism “eye” into the Kazakh language by the method of equivalence. For this purpose, initially, based on lexicographic literature, the most frequently used Japanese phraseological units used with the lexeme “eye” were collected. Then their full and partial equivalents in the Kazakh language were identified, which correspond to the phraseological units of the Japanese language on such indicators as semantics, lexical composition, grammatical structure, style, and imagery. As a result, authors summarized the features of the translation of phraseological units used with somatism “eye” into the Kazakh language by equivalence; similarities and differences of linguistic and extra-linguistic characteristics of somatic phraseology of the two languages.

Keywords: Japanese language, phraseology, somatism, translation, method of equivalence.

References

- 1 Raeva, M.S. (2018). Agylyshyn tilindegi somatikalyq frazeologizmderin qazaq zhane orys tilderine audaru maseleleri [Problems of translating English somatic phraseology into Kazakh and Russian]. *Qazaq-orys khalyqaralyq universitetining khabarshysy — Bulletin of the Kazakh–Russian International University*. 1, 22, 30–34 [in Kazakh].
- 2 Komissarov, V.N. (2001). *Sovremennoe perevodovedenie [Contemporary translation studies]*. Moscow: ETS [in Russian].
- 3 Smagulova, G. (2020). *Qazaq frazeologiyasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografiia [Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph]*. Almaty: Yeltanym baspasy [in Kazakh].
- 4 Qozhakhmetova, Kh.Q., Zhaisakova, R.E., & Qozhakhmetova, Sh.O. (1988). *Qazaqsha-oryssha frazeologiyalyq sozdik [Kazakh-Russian phraseological dictionary]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].

- 5 Molotkov, A.I. (1978). *Frazeologicheskii slovar russkogo yazyka* [Phraseological Dictionary of the Russian language]. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 6 Aitbaev, O. (1975). *Audarmadagy frazeologiialyq qubylys* [Phraseological phenomenon in translation]. Almaty: Gylym baspasy [in Kazakh].
- 7 Kunin, A.V. (1996). *Kurs frazeologii sovremennogo angliiskogo yazyka* [Course of phraseology of modern English]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 8 Zhukov, V.P. (1978). *Semantika frazeologicheskikh oborotov* [Semantics of phraseological units]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 9 中嶋尚 (1996). 『新選 慣用句の辞典』初版. 東京. 小学館 [Dictionary].
- 10 Kenesbaev, I. (1977). *Qazaq tilining frazeologiyalyq sozdigi* [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 11 田仲正江、間柄奈保子 (2005) 『表現を豊かに生き生き慣用句 (上級)』東京. 専門教育出版. [Dictionary].
- 12 (1999). 『新小辞林』第五版. 東京. 三省堂編集所. [Dictionary].